

Бестамак «Болашақ» балалар бақшасы

Ыбырай Алтынсарин
«Өнер білім бар жүрттар»
(Кітап көрмесі)

Үйымдастырылған: тәрбиеші Таужанова А.Т.

Караша 2021 жыл



«Болашаққа бағдар» Рухани жанғыру бағдарламасы аясында Бестамак «Болашақ» балалар бақшасында Үбырай Алтынсарин «Өнер білім бар жүрттар» атты Ү.Алтынсаринның шыгармаларын насиҳаттау мақсатында кітап көрмесі үйымдастырылды. Бұл корме де Үбырай Алтынсариннің қазақ балалар әдебиетіне қоскан үлесінің бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі бұлліршіндерді тәрбиелеудегі оміршемдігін карастырдык. Үбырай өз шыгармаларында қазақ балаларына жаңы ашып, олардың көзі ашық, кекірелі ояу, тәрбиелі, адамгершілігі мол болып калыптасуларына тынбай енбек етсе гана жететіндіктерін дәріптеген.



Үбырай Алтынсарин (1841-1889) — казактың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, когам кайраткері.

Үбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және үлттық мектебінің қалыптастыруданда терен із калдырган тұлға. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшин Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Үбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, Ресей когамының білімді адамдарымен жі арасын тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасымен Үбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құнштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада откізді. Білген үстінен білс түссем деген құмарлық пән өз халқыма иегүрлем көбірек пайда келтірсем деген абзат арманға ұмтылыс жас Үбырайдың омірлік кредитосына

айналды. Өзінің мінез-күлкі жағынан карапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыцы, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын негұрлым көбірек біле түсsem деп арманады. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға тапшынды.

Үбірай балалар әдебиетіне арнаи, жас өспірімдерді тәрбиелесу жолында көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар койды. Ол өз сөзінде: «Мен қазак балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазак даласына тәрбиелік мәні бар жумыс деп білемін» - дейді. Оған мынандай шығармаларды дәлел бола алады. Мысалы: «Бұл кім?», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ананың суюі» өлеңдері, «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бакша ағаштары», «Алтын шекілдеуік», «Қарға мен құрт», «Сауыскан мен карға», «Әден», «Тәкаппарлық», «Байұлы» әнгімелері ұлы жазушының барлық өлеңдері мен әнгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айткан осы идея баяндады.

Үбірайдың балаларға арналған хрестоматиясындағы өзі жазған әр алуан қыска сюжетті әнгімелерінде омірдің сан түрлі қырларын ашууды мақсат етеді. Автор қазак балаларының табиги ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан дүниесіне әсер ету арқылы еңбексүйгіш, адмігершілігі мол, зейінді де зерделі, адап да әдепті, білімді азамат болып жетілуін көздеді. Осы биік талаптарға сойкес жас буынның қабылдау және жас ерекшеліктерін ескере келіп, әрі қыска, әрі нұсқа көркем әнгімелер жазды. Атап айтатын болсақ: «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Таза бұлақ», «Әділдік», «Жан-жануарлар айтысы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қылышқа Сейітқұл», «Мұнсыз адам», «Лукпан әкім», «Зеректік», «Силинші ханым», «Білгеннің пайдасы», «Талаптың пайдасы», «Атымтай жомарт».



Келешек үрпак жас жеткіншектерді тәрбиелеуде ұлы ағартушы аданың роліне ерекше маныз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметтің тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі аданың қолында болатының айтқан. Өйткені бала аданың бауыр еті, соғып тұрган жүргегі деп бағалаган:

«Бала, бала, бала деп,

Тұнде шонып оянған,
Тұн үйқысын торт бөліп,
Тұнде бесік таянған.

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балага осындай өлеңдерді оқып берсе, ана қадірінің тенденсі жок қымбат та қадірлі екенін сонда гана сезіне бастар еді. «Ананың көnlі балада, баланың көnlі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірмелеу, сыйламау, кейде тыңдамау болмас та еді.

Корыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға ариалған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені максат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге токтайды. Жазған әнгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындаи заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әнгімелерінің бәрі де бүлліршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі женіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктеі етіп берілгендейдігін атап көрсеткен.